

**Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы мен
жұмыс беруші арасындағы техникалық және кәсіптік білімі бар
кадрларды дайындау жөніндегі
КЕЛІСІМ ШАРТ**

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымы жұмыс берушінің қажеттілігіне сәйкес мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде қабылданған білім алушыға Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру мемлекеттік стандартына сәйкес келетін мамандық бойынша оқу процессін ұйымдастыру арқылы білім алушының қорытынды аттестаттаудан өтуі, оған тиісті біліктілікті және техникалық және кәсіптік білім туралы құжатты беру арқылы білім беру қызметтерін толық көрсету бойынша міндеттерді алады.

2.Жұмыс беруші техникалық және кәсіптік білім беру ұйымын мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде бітірген түлектерді тиісті біліктілігіне сәйкес жұмыспен қамтамасыз ету және кәсіпорында бекітілген айлық мөлшерінде жалақыны төлеу міндеттерін алады.

2. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ӨЗІНЕ МЫНАДАЙ МІНДЕТТЕМЕЛЕР АЛАДЫ:

- 1) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылар қатарына конкурс қорытындысы негізінде қабылдау;
- 2) келісім шартты жасау кезінде білім алушыны білім беру ұйымының Жарғысымен, ішкі тәртіп ережелерімен,және басқа да нормативтік құқықтық актілермен,оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру туралы негізгі құжаттармен таныстыру;
- 3) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы талаптарына сәйкес білім беру процессін ұйымдастыруды қамтамасыз ету;
- 4)кәсіпорынмен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және келісу,білім алушыға қауіпсіз жағдайлар жасау,оқу жүктемесінің көлемін және сабақ режимін анықтау;
- 5) білім беру ұйымы кітапханасының ақпараттық ресурстарын, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер,оқу-әдістемелік құралдарды пайдалану және қол жетімділікті қамтамасыз ету;
- 6)білім алушыға, білім беру ұйымының басшысы бекіткен жеке нұсқаулықтарда қарастырылған жағдайларға сәйкес оқу бағдарламалары аясында тапсырмаларды орындау үшін компьютерлік техниканы пайдалану мүмкіндігін беру;
- 7) білім беру ұйымының оқу жоспарына сәйкес білім алушының кәсіптік практика өтуін ұйымдастыру;
- 8) білім алушының келісімінсіз оқу үрдісіне залал келтіретін қоғамдық және басқа да шараларға қатысуына жол бермеу;
- 9)білім алушының ерікті түрде білім беру ұйымындағы ғылыми, мәдени және спорттық іс-шараларға, сонымен қатар халықаралық ғылыми, мәдени және спорттық өмірге қатысу мүмкіндігін беру;
- 10)мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитын контингентті сақтау туралы шаралар қабылдау;
- 11) жұмыс берушіге білім алушының оқу жетістіктері туралы мәліметтерді беру;
- 12)оқытудың толық курсын табысты аяқтаған сон және қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша білім алушыға біліктілік беру және техникалық-кәсіптік білім құжатын беру

13)кәсіпорынға

№	Мамандығы	Біліктілігі	Тапсырыс саны
			күндізгі сырттай
1	06130100 Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	4S06130105 – Ақпараттық жүйелер технигі	5
2	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	3W06120101 – Компьютерлік аппараттық қамтамасыз ету операторы	5

(мамандық атауы)

мамандығы бойынша түлекті жұмысқа орналасуға жіберу

3. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ:

1) білім алушыдан осы шарт пен білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес міндеттерді адал және тиісті орындауды, сондай-ақ оқу тәртібін қадағалауды, білім беру ұйымының оқытушыларына, қызметкерлері мен білім алушыларына дұрыс әрі құрметпен қарауды талап етуге;

2) оқу тәртібін, осы шарт талаптарын, ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін білім алушыларға ықпал ету шараларын қолдануға;

3) білім алушыдан білім беру ұйымының мүліктеріне ұқыпты қарауды, компьютерлік және басқа да техникалармен жұмыс істеу ережелерін қадағалауды талап етуге. Білім алушының әрекеттерінен материалдық залал келген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен оны қалпына келтіруге кеткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге;

4) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтердегі жетістіктері үшін білім алушыны ынталандыруды және марапаттауды жүзеге асыруға;

5) оқу тәртібін бұзу, білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелерін және білім беру ұйымының Жарғысын бұзу, шарттың міндеттерін орындамауға, басқа білім беру ұйымына ауысу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен қарастырылатын басқа жағдайлардың болуы сияқты себептер шартты бұзуға құқылы.

4. КӘСІПОРЫН ӨЗІНЕ МЫНАДАЙ МІНДЕТТЕМЕЛЕР АЛАДЫ:

1) білім алушыға жұмыс орнында қауіпсіз жұмыс жағдайын (қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқа малықты өткізу арқылы) қамтамасыз ету және қажетті жағдайда білім алушының еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуын жүргізу;

2) білім беру ұйымына академиялық күнтізбеге сәйкес білім алушының кәсіптік практикадан өтуі үшін жұмыс орындарын ұсыну;

3) осы келісімнің шарттарына сәйкес білім алушыны мамандығы бойынша кәсіптік практикаға берілген жолдама бойынша қабылдау;

4) білім алушының келісімінсіз оқу үрдісіне залал келтіретін қоғамдық және басқа да шараларға қатысуына жол бермеу;

5) бөлімшелерде (бөлімдерде, цехтарда, зертханаларда және т.б.) білім алушының кәсіптік практикасына жетекшілік ету үшін білікті мамандармен қамтамасыз ету;

6) білім алушының кәсіптік практиканың бағдарламасын жұмыс орындарында толық игеруі үшін зертханаларды, кабинеттерді, шеберханаларды, кітапхананы, сызбаларды, техникалық және басқа құжаттарды пайдалану мүмкіндігіне қажетті жағдайларды жасау;

7) мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқыған түлекті біліктілігіне сәйкес кәсіпорынға қажеттілікте көрсетілген лауазым бойынша жұмысқа қабылдау және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген ең төменгі 1 айлық жалақы мөлшерінен кем емес жалақының төленуін қамтамасыз ету;

8) Шарттың 7)-тармақшасын орындамағаны үшін жұмыс беруші тиісті бюджет шығындарын қайтаруға міндетті.

5.КӘСІПОРЫН:

1) білім алушылардың оқу жетістіктері туралы мәліметтерді талап етуге;

2) білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысуға;

3) қолданыстағы нормативтерге сай білім алушының оқу жүктемесінің көлемін және сабақ режимін үзілістер арқылы анықтауға;

4) кәсіпорын жұмыскерлері үшін міндетті өндірістік тәртіптің, еңбек тәртібінің, ішкі тәртіп ережелерінің, техника қауіпсіздігі ережелерінің сақталуын талап етуге;

5) білім алушының кәсіптік практика өту барысында кәсіпорынның ішкі тәртіп ережелерін және еңбек тәртібін бұзғаны туралы барлық жағдайларды білім беру ұйымына хабарлауға;

6) білім алушыдан кәсіпорынның мүліктеріне ұқыпты қарауды, техникалармен жұмыс істеу ережелерін сақтауды талап етуге.

Білім алушының әрекеттерінен материалдық залал келген жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында қарастырылған тәртіппен оны қалпына келтіруге кеткен шығындардың орнын толтыруды талап етуге;

7) оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтердегі жетістіктері үшін білім алушыны ынталандыруды және марапаттауды жүзеге асыруға;

8) техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде кадрлар дайындауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бөлу жөніндегі комиссия жұмысына қатысуға құқылы.

6.ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

1. Тараптарға осы Шартта қарастырылған міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жауапкершілік жүктеледі.

7.ДАУЛАРДЫ ШЕШУДІҢ ТӘРТІБІ

1. Осы шартты орындау процесі барысында туындаған даулар мен келіспеушіліктер өзара тиімді шешім қабылдау мақсатында тікелей тараптар арқылы шешіледі.

2. Келіссөздер, өзара тиімді шешімдер жолымен шешілмеген сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

8. ШАРТТЫҢ ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ТАЛАПТАРДЫ ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТӘРТІБІ

1. Осы шарт оған тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және толық орындалғанға дейін әрекет етеді.
2. Осы Шарттың ережелері тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.
3. Осы шарт бірдей заң күшімен мемлекеттік және орыс тілдерінде үш данада жасалады, әрбір тарапқа бір данадан беріледі.
4. Тараптардың заңды мекен-жайлары мен банктік реквизиттері:

Білім беру ұйымы:

№9 Меркі колледжі

(білім беру ұйымның атауы) Меркі ауданы
Сарымолдаев ауылы Омаржодхаева №1

(заңды мекен-жайы)

БИН:080240020431,

БИК:HSBKKZKX

АО «Народный Банк Казахстана»

911040000021

(БСН, БСК, КБЕ, банк) Код 16

87263240769

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон,
факс нөмірі)

Білім беру ұйымның басшысы

Мамырбаев Ғалымжан Кырыкбаевич

(Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған
жағдайда), қолы)



Кәсіпорын:

«Халықты жұмыспен қамту орталығы»

(Кәсіпорынның, мекеменің, ұйымның және
тағы басқатауы)

Меркі ауылы,

Исмайлова №222

(заңды мекен-жайы)

(БСН, БСК, КБЕ, банк)

(қала кодын көрсетіп байланыс телефон,
факс нөмірі)

Директор Дүйсенкулов Е.

(Тегі, аты, әкесінің аты, қолы)

